

# МАМАНДЫҚТАР АТЛАСЫ

Атлас дегенде көз алдыңызға жер шарында орналасқан алып мұхиттардан бастап теңіздер, өзен-көлдер, тау-тастар мен мемлекеттер келеді. Олардың сан алуандығынан көз сүрінеді. Сол сияқты мамандықтың да санында шек жоқ. Кейде бір адам бірнеше мамандықты меңгеруі мүмкін. Сондай-ақ, бір ғана мамандықты меңгеріп, бір салада жетістікке жетіп, өзін дәлелдеп жүргендер де жетерлік.

Ата-ана баласына ақыл айтқанда, ең алдымен, екі жағдайда қателеспеу керегін ескертеді. Оның бірі – мамандық таңдау, екіншісі – жар таңдау. Бүгінгі әңгімеміздің төркіні мамандықты таңдау мәселесі болмақ. Шын мәнінде, перзентінің болашағына алаңдайтын үлкендер көбіне олар үшін өздері шешім қабылдап жатады. Ата-ана бұл әрекетін «Баламның жоғары білімді маман атануы үшін» деген желеумен ақтап жатады. Дегенмен, баланың қарым-қабілетін ескерместен, өзі таңдаған мамандықты мәжбүрлі түрде оқытудың кереғар әсері де жетерлік. Сондықтан мамандық таңдауда, ең әуелі, баланың өз қалауы мен қабілеті ескерілуі тиіс. Сол кезде ол мамандықтан пайда көріп, кәдеге жарататыны сөзсіз.

Өз ісін кәсіби тұрғыда меңгерген нағыз маман атану – заман талабы. Болашақтың сұранысқа ие мамандықтары қайсы және ең табысты кәсіпті қалай таңдаймыз? Көпшілікті мазалайтын сұраққа жауап іздеп көрелік.

Өткен күндерге көз жүгіртсек, елімізде жыл сайын жоғары оқу орнын бітіріп, дегенмен, алған дипломы іске жарамсыз болып жатқан жастарды кездестіреміз. Олар төрт жыл бойы алтын уақытын жұмсап алған біліміне сай жұмыс таппай, нәпақасын мүлде басқа кәсіптен табуға мәжбүр. Яғни, бұл дәл бүгінгі сұранысқа ие болған мамандықтың келер күні өз деңгейін жоғалтып алмасына ешкім кепілдік бермейтінін көрсетеді. Демек, мамандық таңдауда бірінші баланың қабілетін ескеріп, оның келешекте қалай кәдеге асыратынын да болжаған жөн.

Сарапшылар технологияның дамыған дәуірінде өндіріс орындарына қажет қара күшті келешекте автоматтандырылған жүйе алмастыратынын алға тартып отыр. Яғни зауыт, фабрикалардағы қауіпті, зиян, ауыр жұмысты болашақта роботтар атқармақ. Мәселен, өткен жылы Forbes журналы осы мәселеге байланысты зерттеу жүргізіпті. Сараптамада дүниежүзінде бағдарлама әзірлеуші, ақпараттық қауіпсіздік бойынша сарапшы, қаржы сарапшысы, денсаулық сақтау менеджері, мейірбикелер мен физиотерапевтке сұраныс артқанын жариялаған. Ал CareerCast компаниясының сұранысқа ие мамандықтар тізімінде бағдарлама әзірлеушісі көш бастап тұр. Әрі қарай медициналық технолог, мейірбике, құрылысшы, үй жағдайындағы денсаулық сақтау қызметкері тізімді жалғастырады. Сондай-ақ, шетелдік басылымдарда мұғалім мамандығы алдағы онжылдықта да көш бастайтыны жазылған. Бұл дерекке сенсек, ең қасиетті де қадірлі мамандық иесі қай кезде де мұғалім екенін аңғарасыз.

Елбасы Н.Назарбаев өзінің жастарға арнап айтқан сөзінде көптеген мамандықты болашақта жасанды интеллект алмастырса да адамның орнын ауыстыра алмайтын мамандықтарға сұраныс кемімейтінін айтқанды. Олардың қатарында IT мамандар, дәрігерлер, мұғалімдер бар. Еліміздегі түрлі саладағы компаниялар да сату менеджері, бухгалтер, қаржы, әкімшілік қызметкері, ақпараттық технология, жарнама, маркетинг, PR саласының мамандарын сұраныс берген. Сондықтан жастар мақсатына жету үшін өз таңдауын сұранысқа ие мамандықтармен ұштастырғаны абзал.

Қазақстанның әр аймағы өзінің белгілі бір өндіріс ошақтарымен, салалық сектормен ерекшеленеді. Мәселен, Сыр аймағы – ауыл шаруашылығы саласы өркен жайған өңір. Цифрлық технологияның дамуы бұл салаға да келіп жетті. Агротехникалық құралдар автоматтандырылған жүйемен басқарылады. Егін даласында жүрген техниканы басқару компьютерленді. Бұл өз кезегінде жұмысшылардың санын азайтып, мамандықты кәсіби түрде меңгергендерге жол ашылды деген сөз. Жастардың соңғы үлгідегі техниканы меңгеруі – тұрақты жұмыстың кепілі.

Қазақтың ақыны Мұқағали Мақатаевтан «Ей, Мұха, бұл өмірден не іздеп келдің?» деп сұраған екен. Сонда ақын: «Іздеген нәрсем – достық. Дос деген сенің жақсылығыңды асырып, жамандығыңды жасыратын адам. Екінші іздегенім – жақсы әйел. Әйел деген – сенің ұрпағыңды өсіріп-өркендететін ең үлкен тұлға. Үшінші іздегенім – мамандық. Мамандық деген – ертең сен қартайғаныңда дастарханыңдағы наның» деген екен. Ендеше, осы айтылған үш бақыт баршаңызға бұйырып, дұрыс таңдау жасауда бағдар болсын.

**Гүлфайрус ҚАЛДЫБЕКОВА,**  
**М. Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің**  
**әдіскері**